Автор: Башарова Айнур Жумагалиевна
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 6-сынып
Бөлім: X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан
Тақырып: Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары.	Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Оқулық, Bilimland.kz, суреттер, әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Пәнаралық байланыс	География
Алдыңғы оқу	Қыпшақ хандығы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (6 минут)	«Мюнхгаузеншілер байқауы» 1. Қандай мемлекетті басқа киюге болады? **Панама** 2. Шаян тектес жануардың атын жазбақ еді, орнына Солтүстік Африка халқының аты шықты **Краб - араб** 3. Астыңа салар мақта көрпе аты бар, болар енді Үндістанның портты қала заты бар **Матрас - Мадрас** 4. Әрі суық, әрі тәтті дәм еді, болып қалды солтүстіктің тұрғыны Эскимо - эскимос 5. Италияның самсасы ол жейтұғын, Францияның курорты болды тамаша дейтұғын **Пицца - Ницца** 6. Қандай өзен А-дан Я-ға ағады **Амудария** 7. Бір әрпін жоғалтса қандай арал геометриялық фигура болады? **Куба** 8. Қандай өзеннің атынан музыкалық нотаны табуға болады? **Миссисипи** **«Рулетка» арқылы терминдерді тексеру** **Бағалау: «Түйе» Мұғалім әр дұрыс жауапқа түйенің суретін таратады**	**Түйенің суретіне сілтеме:** https://www.pngkey.com/detail/u2q8t4o0q8y3y3a9_bactrian-camel-two-hump-camel-png/

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жаңа білім (15 минут)	**Оқушылардың ынтасын жаңа білімді меңгеруге көтеру ойын арқылы орындау.** **Тапсырма 1. «Полиглот»** 1–ші сұрақ: Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ... ақын Абай. (ұлы, великий, great) 2–ші сұрақ: Қағанат жерінде жібек саудасының дамығандығын қаған ордасында болған қытай монахы Сюань Цзяньнің мына жазбасынан анық байқауға болады. Ол: «Қаған жасыл ...тен желбегей шапан киген». (жібек, шёлк, silk). 3–ші сұрақ: М.Әуезовтың атақты романы: «Абай ...» (жолы, путь, way). Сонымен бүгін біз «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын әрі қарай жалғастырамыз. Бүгінгі тақырыбымыз «Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы» Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз! **Тапсырма 2. «Бинго»** 3х3 шаршысында сабақ тақырыбына қатысты әртүрлі түйінді сөздер орналасқан. Оқушылар тиісті түйінді сөздерді айрықшалауы керек. Барлық түйінді сөздерді анықтаған бірінші оқушы жеңімпаз атанады. Ескерту: оқушыларда әртүрлі түйінді сөздер жинағы болу керек. **Бағалау: «Түйе» Мұғалім әр дұрыс жауапқа түйенің суретін таратады** **Білу және түсіну** **«Ұлы Жібек жолы» видеотүсіндіру Bilimland.kz ресурсы.** **Тапсырма 3.** Топтық жұмыс. 1-топ. Жібек матасының жасалуын класстер арқылы түсіндіреді. Дескриптор: -жібек құртын жинау тәсілін түсінеді; -жібек матасының жасалу жолын класстерге салады. 2-топ Ұлы жібек жолының сауда тармақтарын кескін картаға түсіреді. Дескриптор: кескін картаға Ұлы Жібек Жолының Қазақстан арқылы өткен тармағын түсіреді; Ұлы Жібек жолы бойындағы басты қалаларды анықтайды. **Бағалау:** Топтар бір-бірін **«Басбармақ әдісі»** арқылы бағалайды.	**Түйенің суретіне сілтеме:** https://www.pngkey.com/detail/u2q8t4o0q8y3y3a9_bactrian-camel-two-hump-camel-png/ **Bilimland.kz видеотүсіндіру ресурсына сілтеме.** https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/xalyqaralyq-bajlanystardyng-damuyndahy-uly-zhibek-zholynyng-roli?mid=75:simple
Сабақтың ортасы (10 минут)	**Қолдану** **Тапсырма 4.** «Бұл қайдан келді?» *Суреттерде берілген тауарларды әр топ мемлекеттер бойынша бөлуі керек.* *Тақырып бойынша түйген білімдерін Bilimland.kz-те берілген тестер арқылы тексеріледі.* **Тапсырма 5.**Тест.	Топтық жұмысқа арналған алдын ала жасалған қима қағаздар. https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/xalyqaralyq-bajlanystardyng-damuyndahy-uly-zhibek-zholynyng-roli?mid=80:choice
Сабақты соңы (4 минут)	«Білім қорғаны» кері байланыс 3e00cdd0286664.png Image not found or type unknown *Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, қоржындарға салады.*	